

Coincidence of religious views and scientific theories in this problem testifies that different ways of outlook comprise and express in the languages the idea of a human generality and, thereby, some archetypical representation about possibility and even desirabilities of joint dialogue, in variety of forms of which more and more considerable role is got by the form of cultural dialogue.

The problem of cultural dialogue between West and East is rather diverse and huge. But if to consider one of its aspects, — a historical direction from an antique antiquity to the Muslim Middle Ages, and to comprehend it from the point of view of a problem: what exactly creates possibility of cultural dialogue, what exactly emerges as the integrating factor, connecting these, in many respects opposite sociohistorical formations? — That, first of all before a mind (besides civilizationally-historical geography about which we will tell later) will appear spiritual area of a science and philosophy. A civilization of an epoch of East Renaissance from the Greek antiquity sharply separated more than the thousand-year history densely filled with economic, social, political and spiritual formation: Change of productive structures and advancement of economic relations, progress of nature and humanities, change of small independent policies, democratic management, individualism, pluralism, pagan legendary-religious beliefs etc. large "world" empires, autocratic and theocratic management, communal consolidation, stability growth. In the field of ideological-world outlook the given processes were accompanied by renunciation from pagan polycentrism and formation of indisputable monotheistic religions. Ascertaining fundamental cultural divergences also create so sharp problem: how dialogue between non-identical and even contradictory ways of life, thinking and beliefs is possible? And then in quality of previous answer to intellectual contemplation of historical-empirical circumstance will appear that, at all cash distinctions, the role at least one of essential links plays philosophical tradition.

The historic fact of existence of a phenomenon of East peripatetism confirms that similar dialogue is possible and carried out, however in historic-philosophical part which we analyze, the problem should be concretized that way: how became possible, what some outlook (philosophy) formulated under certain historical conditions, could enter integrally into system of cardinaly different cultural relations and, moreover, to be combined with religious outlook of Islam, having formed thereby the most obvious link of spiritual communications of so non-identical societies?

It is possible to assert that al-Farabi was the greatest thinker of the Arabian medieval East standing at the decision of a problem of understanding of a substantiation and a realization of philosophical dialogue between the western antiquity and East Renaissance. The role of al-Farabi in an establishment of such cognitive is clearly visible, in particular, from the certificate of Ibn Sina. He recognises that during this period - when he was already highly educated person who has studied medicine, philosophy, physics, logic and metaphysics, he did not understand "Metaphysics" of Aristotle till that time while he had not studied the treatise of al-Farabi, explaining the given Aristotelian composition /1/.

Literature.

1. Абу Али Ибн Сина. The selected products. Dushanbe, 1980. V.1.P. 58.
2. Уайтхед А. И. The selected works on philosophy. М, 1990. P. 200, 204.
3. Al-Farabi. Philosophical treatises. Alma-Ata, 1970. P. 44.

Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы мен саяси қызметі

Ұстағалиев Е.

Сулейман Демирел университеті

Әбілқайыр хан Кіші жүз қазақтарын 40 жылға жуық басқарды, сонымен қатар, бас қолбасшы, мықты әскери стратег. Жоңғарларға қарсы ұлт-азаттық күресте қазақ жасақтарын басқарып, айтулы жеңістерге жетуіне себепші болды. Ресей протекторатын қабылдауға қатысты мәселеде тарихшылар Әбілқайыр тұлғасына түрлі баға беруде. Бірі, оны Ресейге қосып, қазақты бодан қылды десе, бірі, әсіресе, кенес дәуірінде оның бұл әрекетіне прогрессшіл сипат берді.

Қазіргі таңда жаңа көзқарас тұрғысынан, оның протекторатқа өтінуінің саяси астарларының мәніне талдау жасау арқылы басқа да баға беруге болады. Алдымен, протекция сөзіне келсек, оның негізгі мәні - әскери одақ құру, өзара көмек, күштінің әлсізге қамқорлығы. Әбілқайыр хан Ресей протекторатын қабылдау арқылы сыртқы күштерден қорғануды, ел мүддесінен шығуды, сауда байланысын жандандыруды көздеді. Ал Ресейдің көздегені мүлдем басқа болды.

I Петрдің жарлығынан бастау алған Ресейдің қазақ жеріне қатысты саясаты айқын еді. Ол қазақ елін шығыс елдеріне кілт пен қақпа деп карауында, сондай-ақ, қазақ даласы арқылы Қытай және Үндістанмен, Орталық Азия елдерімен сауда жасау, жер қойнауынан қазба байлықтары анықталғаннан кейін қазынаны игеру, елде шикізат базасын жасау, ерлерін қажет жағдайда әскери қызметке алу, ішкі аудандарда адам ресурсы көбейсе немесе жер тапшылығы орын алған жағдайда халықтар мен шаруаларды қоныстандыру, сол арқылы аймақта өзінің әлеуметтік тірегінің негізін қалау, наразы топ өкілдерін тыныштандырып, көңілін аулау мақсатында жердің құнарлы аудандары мен өзен-көлді аймақтарын беру арқылы өзінің ішкі әлеуметтік-экономикалық және саяси қажеттіліктерін қамтамасыз етуді көздеді. Ал патшалық саясаттың қолшоқпары осы Орынбор және Сібір комиссиясының аймақтағы билеушілері болатын.

Орынбор әкімшілігінің билеушілері орталықтың нұсқауымен іс-әрекет жүргізді. Қазақ билеушілерімен, соның ішінде Әбілқайыр ханмен қарым-қатынасы біркелкі болмады. Бастапқыда өзара көмектен, әскери одақтан үміт еткен Әбілқайыр хан уақыт өте үмітінің орындалмайтынына көзі жетеді. Орынбор комиссиясының басшысы И.И.Неплюевпен арақатынасы күрт суып, патшалықтың түпкі саясатының астарын түсінген Әбілқайыр өмірінің соңына дейін күресіп өтеді.

Әбілқайыр ханның тұлғасы мен саяси қызметінің мазмұнына қатысты пайым-пікірлер бір жақты болған емес. Әбілқайыр ханның іс-әрекеті мен саяси тұлғасына алғаш рет баға бергендер ханмен тікелей байланыста болған Орынбор өлкесінің билеушілері А.И.Тевкелев, И.К.Кириллов, В.Н.Татищев, В.А.Урусов, П.И.Рычков және И.И.Неплюевтер болды. Соңғысынан басқалары негізінен қазақ билеушісінің орыс ықпалының арқасында хандық биліктің құрылымын күшейту ұмтылысына оң баға берді. Ресейдің отаршылдық саясатының міндеттеріне қатысты радикалды бағытты ұстанған И.И.Неплюев Әбілқайырдың қазақ жүздеріндегі «Ұлы хан» институтын күшейту жолындағы әрекеттеріне барынша тосқауыл қойды, оны тәуелді аймақтардағы ресей егемендігінің саяси дәстүріне жат деп қазақ билеушісінің патша өкіметімен жақындасу ұмтылысына теріс баға берді [1, 6-7 б.].

И.Неплюев Әбілқайыр хан билігінің күшеюінен мейлінше сескенді. Оның себебін де өзі негіздейді: «В киргизском народе между прочими особливому главному хану быть не только полезно, но и вредительно быть может, ибо чем сильнее ханы, тем по случаю их народного беспокойства во усмирении их больше трудностей» [2, 419 б.]. Неплюев қазақтардың қоғамдық санасындағы «Ұлы хан» институтының әлеуметтік беделін түсіру мақсатында Петербург ұлықтарына Әбілқайырдың қазақ жүздеріндегі билігінің әлсіз екендігін және оның екіжүзді, билікқұмарлығын үнемі айтып отыру бағытын ұстанды және сол арқылы империя ұлықтарын жергілікті жағдайлардың ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік тактикасын қолданудың объективтілігіне және көшпелілер арасындағы билеуші топ өкілдерінің беделді басшыларына қатысты қатал саяси принциптерді ұстанудың қажеттілігіне көндіргісі келді. Орынбор губернаторы И.Неплюевтің бұл тұрғыдағы саясатын орталық өкіметке ұсыныс жасау – мақұлдау – тәжірибе жүзінде іске асыру кестесіне сәйкес әрекет етуімен түсіндіруге болады [3, 273 б.].

I-ші Петрдің көзі тірісінде Парсы жорығында тілмаш қызметінде болған, сонда қазақ жеріне қатысты нақты нұсқау алып, соған сәйкес амал-шарғыларды қарастыруға міндеттелген татар мырзасы А.Тевкелевтің патшалық Ресейдің қазақ жерлерін қосып алуда белгілі дәрежеде еңбегінің болғаны мәлім. Ресейдің Қазақстанды қосып алу науқанының алғашқы қадамдарын іске асыру барысында Кіші және Орта жүздегі саяси оқиғалардан алғаш мәлімет беруші, сондай-ақ қазақтың Кіші ордасында екі жылға жуық уақыт болып қайтқан А.Тевкелевтің де жазбаларына сын көзбен қарағанмыз жөн. Оның берген мәліметтерінің фактілік жағынан шындыққа саятын жерлері бар, бірақ қазақ билеушілерінің бодан болудағы ішкі себептері мен жеке мотивтерін баяндауда асыра сілтеушілік пен бұрмалаушылық орын алғанын айта кету керек. Дегенменде, қазақтың Ресейге бодан болуының алғышарты Әбілқайыр ханның хатымен байланыстырылып келеді. Ал сол шындық па, әлде дақпырт па? Соған қатысты өз пайымымызды ұсынып көрелік.

Ресей империясы қазақ жерлерін иемденудің түрлі әдіс-тәсілді жолдарын қарастырғаны белгілі. Соның ішінде, «бір парақ қағазбен» өз қол астына қаратудың айласын іске асыруды көздейді. Башқұрт өкілі Алдарбайды патша әкімшілігі Әбілқайыр ханға арнайы жібереді. Мақсаты - Әбілқайыр ханның жазған бір парақ хатын алдырту. Қазақ жерінің Ресейге заңды түрде, ресми хаттың негізінде «ерікті түрде қосылды» деуі шындықты бүркемелеу еді, олай дейтініміз, біріншіден, патшалық Ресейдің жоспарлы түрде жүргізіп отырған түпкі саясатының мәнін жасырса, екіншіден, өзінің сұмпайы жоспары – қазақ жерін түпкілікті отарлауға қолайлы юридикалық шарттар жасады.

Енді Әбілқайыр ханның Ресейге жазған хатының ішкі мазмұнына тоқталайық. Ашығын айту керек, хаттың түпнұсқасы мен орысша аудармасының мазмұны сәйкес келмейді. Көптеген зерттеушілер Әбілқайыр ханның 1730 жылы 30 сәуірде жазған хатының түпнұсқасын көрмеген. Түпнұсқа деп отырғанымыз, ол Әбілқайырдың өз қолымен жазған шағатай тіліндегі өтініш хаты, хаттың түпнұсқасы қолда жоқ, ол Мәскеудегі Ресей Сыртқы Саясат Мұрағатында (АВПР) сақтаулы. Түпнұсқаның көшірмесі ғана ғылыми айналымға енгізілген. Түпнұсқаның көшірмесі 1960 жылы жарық көрген «Материалы по истории политического строя Казахстана» атты жинақтың I томында және 1961 жылы жарық көрген «Казахско-русские отношения в XVII-XVIII вв. Сборник документов и материалов» атты жинақтарда алғаш басылды. Көптеген зерттеушілер осы уақытқа дейін Әбілқайыр хан хатының орысша аудармасын ғана пайдаланып келген. Дегенменде, 60-шы жылдары хаттың түпнұсқасының көшірмесі жарық көргенімен, осы кезге дейін ешбір зерттеушінің түпнұсқамен жұмыс істемегені қалай? Оның жауабы да айқын еді. XX ғасырдың 20-шы жылдары дәстүрлі жазуымызды алдымен латынға, одан соң кириллица һәрпіне ауыстыру науқаны, шындығында, көне жазуымыздан халықты аластатуды көздеген саясат, себебі, тілдік-әдеби тұрғыда, шағатай және төте тілде жазылған төл мұрамызды ұмыттыру болса, тарихи-саяси тұрғыда, хан-сұлтандардың жазған хаттарының тілінен келешек ұрпақты беймәлім ету. Осы уақытқа дейін хандар хаттарының мән-мазмұнынан бейхабар болуымыз, сол саясаттың жемісі екеніне бүгін көзіміз анық жетіп отыр.

Бұл іске бастаманы алғаш рет тек қана 2001 жылы тарихшы Амантай Исин бастады, ғалым тарихи хаттың түпнұсқасының көшірмесін орысша аудармасымен салыстырып талдау жасайды [4, 42-44 б.]. Бір қызығы, бұл тарихи хаттың түпнұсқалық көшірмесін біз де 2007 жылы өздігімізше аударып көрдік. Бұл кезде біз А.Исиннің аудармасынан бейхабар едік. Кейін аталған ғалымның аудармасы берілген мақаланы көріп, оны өз аудармамызбен салыстырдық. Аудармамыздағы хаттың ішкі мазмұны ұқсас болып шықты, ал орысша аударманың ақиқаттан қаншалықты алыс екенін көріп таңқалдық. Өз аудармамызға қарағанда Амантай Исиннің аудармасы анағұрлым дәл әрі нақтырақ көрінгендіктен, біз, өз ғылыми еңбектерімізде сол ғалымның аудармасын басшылыққа алдық.

Тағы да бір көңіл аударар жері, ол Әбілқайыр ханның хатының орысша аудармасының әр түрлі нұсқада берілуі. Әңгіме «Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов» [2, 35-36 б.] жинағы мен 1989 жылы Мәскеуде жарық көрген «Международные отношения в Центральной Азии в XVII-XVIII вв. Документы и материалы» атты [5, 273 б.] жинақтың I бөліміндегі аудармалардың әр түрлі нұсқада берілуінде болып отыр. Алғашқы жинақтың аудармасы көптеген зерттеу еңбектерінде қолданыс көрді, ғылыми айналымға енді. Ал екінші жинақтағы аударманың жасалуы құпия болып отыр. Ол аударманы Мұстафа Турченинов жасады, ал оны не үшін қайтара аударғаны белгісіз. Орыс тіліндегі аудармаларға келсек, орысша аудармалардың мазмұндары бір, баяндау үлгісі әр түрлі болып келеді. Және бір ескеретін жері, Әбілқайыр ханның орыс бодандығын қабылдауға жалынып, жалбарынып тілек білдіргені баса айтылады, яғни аса төменшіктеу белгісі бар. Тарихтан белгілі, екі жақты халықаралық келіссөздер жүргізу барысында белгілі бір дәрежеде, сөздік мағынада мақтау, дәріптеу, кішірею әдістері қолданылған. Ал А.Исиннің мақаласында Әбілқайыр хан жайлы былай айтылады: «Хан сөздері ұстамды, белгілі бір тұстарында асқақ. Кішіреюі де, өзге мемлекет иесімен тең сезінуі де, құрмет көрсетуі, сыпайы сөз саптауы, мүдделі ісі де үйлесімді, салмақты өлшеммен жеткізілген. Бұл хаттан артық жалбарыну, Ресей патшалығына ашық мойынсұну, құлдана сөйлеу деген байқалмайды» дейді. Расында да, егер Әбілқайыр ханның шағатай тілінде жазған хатын мамандар оқыр болса, көп ақтандақтың беті ашылар еді. Әйтпесе, қазақ тарихының бұрмалануына мүдделі

топтың жазып қалдырған мұрасын еш талдаусыз, сараптаусыз ақиқатқа балап, ғылыми еңбектерімізде қолдана берсек, ұрпақ алдында үлкен мін, тарихшы-зерттеушілерімізге сын болады.

Әбілқайыр хан бастапқыдан Ресей бодандығын қабылдамаған еді, өйткені хатында ол туралы айтылмайды. Екіншіден, аманат мәселесі де оның бодандығына дәлел бола алмайды, өйткені аманатты жеңген не басым жақ өзін шабуылдардан қауіпсіздендіру үшін қорғану мақсатында алған. Оған мысал ретінде 1726 жылы күзде Әбілқайыр хан, Сәмеке, Барақ бастаған 10 мың қазақ сарбаздары ағайынды Назаровтар мен Дондук-Омбо тайшылардың әскерімен ірі шайқасқа түсіп, бірақ қазақ қолына тұтқиылдан шабуылдаған қалмақтардың тың күшінен жеңіліс тауып, өзара бітім жасап, оларға 60 аманатты кепілге беруін айтуға болады [6, 180-181б.]. Бұндай мысалдарды тарихтан көптеп кездестіреміз, Әбілқайыр ханның ойрат билеушісі Үз Темір тайшыға, Әбілмәмбет ханның Галдан-Цэренге және т.б. аманатқа ұлдарын бергені мәлім. Қазақтардың үздіксіз шабуылдарынан сескенген қалмақ тайшылары бейбіт келісім жасауға өздері де мүдделі болды. Кепілге берілген адамдар арқылы өздерін қауіпсіздендіргісі келгенін анық көруге болады. Бұл саясат Ресей империясына да қатысты болды. Аманат мәселесіне орталық қатты мән берді. Оны И.Неплюевтің: «Аманатқа баласын алу дегеніміз, сол арқылы тек хандарды ғана емес, сұлтандарын да, бүкіл халқын да тізгіндеп, ұстап тұрудың ең дұрыс жолы болып табылады» деген сөздерінен анық көруімізге болады [7, 129 б.]. И.И.Неплюевтің Әбілқайыр ханмен арадағы қайшылығы ханның кіші ұлы Қожахметті Орынбор қаласында қазақтардың патша өкіметіне бағыныштылығын қамтамасыз ету үшін аманат кепілдік ретінде ұстауы болды. Бұған жауап ретінде Әбілқайыр хан 1746 жылдың 13 ақпанында 1500 сарбазымен Жайық шебінің форпостарына жойқын шабуылдар жасайды. Нәтижесінде орыстар мен қалмақтардан 638 адамды тұтқынға алады. Әбілқайыр хан осы әрекетімен И.Неплюевке қысым жасау арқылы ұлы Қожахметті босаттыруды көздейді [8, 19 б.]. Орынбор басшысы қалайда ымырасыз қазақ билеушісінен құтылуды ойлайды. 1747 жылы И.Неплюев М.Арапов арқылы Барақ сұлтанға тікелей Әбілқайыр ханның өзіне барып, Ресейге қарсы теріс қылықтардан тыйылуы керектігін айтсын деп хабар жібереді [7, 159-163 б.]. Бұл И.Неплюевтің екі қазақ билеушілерінің арасына от салуы еді. Әбілқайырдың бақталасы Барақ сұлтан Орынбордың бұйрығын әрі өзінің кегін орындауға кіріседі. 1748 жылдың 12-ші тамызында болған күші тең емес шайқаста Әбілқайыр хан мерт болады.

Елі үшін өмір бойы арпалысып өткен есіл ер сыртқы жаудан емес, ел ішіндегі өзінің саяси қарсыласының қолынан қаза табады. Оның қазасы елге ауыр тиді, өйткені батыстан төнген қауіптен Әбілқайырдай қалқан боларлық күш болмады. Шын мәнінде Әбілқайыр хан қазаққа қалмақтар, башқұрттар мекен еткен Еділ мен Жайық аралығынан көп жерлер алып берді. Ол туралы Қазыбек би мен ел ағалары Бараққа «Сен бүкіл Орта жүз бүлінетіндей іс жасадың, қазаққа қанша жер алып берген ханды өлтірдің» деп айыптауы да содан [2, 425-432 б.].

Тарих ғылымында Әбілқайырдың хатына қатысты түрлі пікірлер қалыптасқан. Көп зерттеушілер әлі күнге дейін орысша аударманы пайдалануда, содан келіп Әбілқайырдың орыс оқиғалар мен оның шынайы саяси салдары өз деңгейінде ашылмай қалады. Ал бұл мәселеге жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделей бастаған ғалымдарымыздың тұжырымдары мен пайымдары ғылыми айналымға енбей келеді. Алдымен хаттың жазылу себебін хаттың ішкі мазмұнынан іздеуіміз керек. Тарихи жағдайдың әмірі солай болған себепті, ханның Ресейге жүгінуі заңды құбылыс әрі заман талабы деп Әбілқайыр хан атынан кесіп-пішуімізге де болмайды. Осындай мәселелерге көңіл бөліп, тарихтың дерек негізінде жазылатынын ескеріп, дерек мәліметінің де шынайылығына ден қойуымыз керек. Шынымен де біздің көптеген деректеріміз бұрмаланып, әбден өзгеріске түскен. Сондықтан біз тарих ғылымында деректермен жұмыс істегенде аса сақтықпен қаруымыз керек, яғни деректерге деректанулық талдау жасап, оны сыннан түпнұсқалық көшірмесі бізге тек хаттың мазмұнын анықтауға ғана мүмкіндік береді, алайда сыртқы формасын анықтамайынша хатты толық зерттелді деу қиын, сондай-ақ сыртқы формасын толыққанды зерттеу арқылы ол хаттың жалған немесе жалған емес екендігін анықтауға болар еді. Алайда ондай мүмкіндік әзірге бізде жоқ.

Тарихимызға ақиқат тұрғысынан көз жеткізуіміз үшін тарихи хаттарды түпнұсқалық негізде зерттеуіміз керек. Ресей мұрағаттарындағы бізге белгісіз хаттардан әлі талай жаңалықтар ашылары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Ерофеева И. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. Научное издание. – Алматы. «Санат», 1999. – 336 бет.
2. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата, Изд-во АН КазССР, 1961. – 744 б.
3. Кундакбаева Ж.Б. Политика Российской империи в отношении народов Северного Прикаспия в XVIII в. – Москва, 2005. – 456 б.
4. Исин А. Әбілқайыр ханның хатын қалай дұрыс оқыған дұрыс. – // Абай. – 2001. – № 2. – 42-44 беттер
5. Международные отношения в Центральной Азии. XVII-XVIII вв. Документы и материалы. Книга 1. – Москва, 1989. – 273 б.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.
7. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне қатысты құжаттар мен материалдардың жинағы (Құрастырған, қазақшаға аударған, көрсеткіштерін түзген, түсініктерін жазған З.С.Тайшыбай). – Петропавл, ЖШС «Астана» баспасы, 2005. – 477 б.
8. Өтениязов С. Мы не знали такого Абулхаир-хана. – // Свобода слова. – 2007. – 18 қаңтар.